



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “_____” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года
№ _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Е. А. Досаевқа

2017 жылғы 20 қыркүйекте
жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Ерболат Асқарбекұлы!

Бүгінгі таңда еліміздегі кәсіпорындар мен мекемелерде, жергілікті және орталық мемлекеттік органдарда сәбилері мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдарға баратын жүздеген мың ата-ана еңбек етіп жүр. Олар үшін қазір өз бүлдіршіндерін балабақшадан уақытында алу мәселесі елеулі проблемаға айналып отыр. Себебі:

біріншіден, еліміздегі мектеп жасына дейінгі мемлекеттік балалар мекемелері, негізінен, таңғы сағат 7.30-дан кешкі 18.00-ге дейін ғана жұмыс істейді. Ата-аналардың көпшілігінің жұмыс уақыты да 18.00-ге дейін болғандықтан, олар балабақшаларға белгіленген мерзімде барып үлгере алмай, қиындық көріп жүр;

екіншіден, кей жерлерде (мысалға, Астана қаласында) балалар мен олардың тәрбиешілерінің сағат 18.00-ден кейін балабақша ғимараты ішінде қалуларына рұқсат етілмегендіктен, олар ата-аналарды ауа райының қандай жағдайында болсын сырттағы аулада күтуге мәжбүр. Алдағы қысқы мезгілде бұғанасы бекімеген, нәзік сәбилердің өз ата-аналарын балабақшаның ауласында, суық ауада ұзақ күтіп қалуы олардың денсаулығына да зардап тигізері анық;

үшіншіден, тәрбиешілерге бекітілген жұмыс уақытынан тыс қызмет көрсеткені үшін қосымша ақы төлеу қарастырылмағандықтан, олар балаларын уақытында ала алмаған ата-аналарға реніш білдіріп, өзара кикілжің туындауда;

төртіншіден, кейбір ата-аналар балабақшаға тезірек жету үшін асығып, жеке көліктерінің жылдамдығын асыратындықтан, олар ірі елді мекендерде, әсіресе үлкен қалалардың көшелерінде түрлі апаттық жағдайлар туғызып жүргендігі де жасырын емес. Сондай-ақ жуырда Астана қаласындағы балабақшалардан шығып, ата-аналарын күтіп тұрған сәбилерді бөтен, сенімсіз кісілердің тәрбиешілерді алдап, сұрап алып кетуге әрекеттену фактілері орын алғандығы да алаңдатпай қоймайды.

Мұның өзі қоғамда кейінгі кезде жиілеп кеткен педофилия қылмысының қайталанушылығына әкеліп соқтыру қаупін туғызатындығын ескерген жөн.

Осыған орай сайлаушылармен кездесулер барысында бізге ата-аналар орынды шағымдар білдіріп, еліміздегі мемлекеттік балабақшалардың жұмыс уақытын кешкі 19.00-ге дейін ұзартуға, немесе кезекші топтар ұйымдастыруға жәрдемдесуімізді өтінді.

Сонымен қатар, қазіргі кезде мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар тәрбиешілерінің кешкі сағат 18.00-ден кейін ата-аналардың балаларын алып кеткенше жұмыс істеген уақыты үшін қосымша еңбекақы төленбей отырғандығы қолданыстағы еңбек заңнамасын бұзушылық болып табылатындығына Сіздің назарыңызды аударып, оны болдырмау жөнінде тиісті шара қолдануыңызды ұсынамыз.

Жоғарыда айтылған жайларды ескере отырып, Сізден аталған өзекті мәселені республика көлемінде жан-жақты қарастырып, оны оңынан шешуді өтінеміз.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері

К. Мұсырман
Б. Мамраев
А. Жаилғанова
Ә. Бектұрғанов
А. Платонов

Орындаған: А. Канафина
Тел.: 74-62-21